



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02  
ББК 74.00  
II 23

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Доцанова Алма Иргибаетна**, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, кандидат экономических наук, профессор;

**Исмуратова Галия Суиндиковна**, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, доктор экономических наук, профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;

**Чекалева Надежда Викторовна**, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;

**Бектурганова Римма Чингисовна**, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Ахметов Тлеген Альмуханович**, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынов, кандидат педагогических наук, профессор;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

II23 «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін еңгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.


В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02  
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022



6-сурет – Шыны ыдыспен жабылған өсімдік

1-2 тәулік өткеннен кейін мұғалім оқушыларға «шыны ыдыстың ішінде оттегі жиналды ма?» деген сұрақ қойды.

Сұрақ: оттегінің бар екенін дәлелдеңіздер.

2-тапсырма.

Батпақты жерлерде өсімдіктердің дамуы үшін су жеткілікті, алайда өсімдіктердің өсуі мен дамуы нашар және баяу. Неліктен?

Жоғарыдағыдай баланың логикасы мен креативтілігін дамытатын сұрақтар мен тапсырмалар орындату арқылы біз оқушылардың биология сабағына деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерінің даытуға болатынына көзімізді жеткіздік [5].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Авдеенко Н.А., Денищева Л.О., Краснянская К.А., Михайлова А.М., Пинская М.А. Барлығына арналған креативтілік: XXI ғасырдың дағдыларын Ресей мектептерінің практикасына енгізу /білім беру мәселелері/ Креативность для каждого: внедрение развития навыков XXI века в практику российских школ // Вопросы образования. 2018. № 4.
2. Чиксентмихайи. М. Креативтілік. Жаңалықтар мен өнер табыстардың ағыны мен психологиясы/ Креативность. Поток и психология открытий и изобретений [Пер. с англ. И.Ющенко]. – М.: Карьера Пресс, 2018.
3. Amabile, T. (1983), «The social psychology of creativity: A componential conceptualization», Journal of Personality and Social Psychology, Vol. 45/2, pp. 357-376.
4. Framework for the Assessment of Creative Thinking in PISA-2021 (in press)
5. Kaufman, J. & Beghetto, R.A. (2009). Beyond Big and Little: The Four C Model of Creativity. Review of General Psychology, 13 (1), 1–12.

ӘОЖ 711.7

### ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАНАҒАТТАНУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Перзентбаева Санжан Полатбайқызы

1 курс магистранты

ғылыми жетекші: Байжұманова Б.Ш.

псих.ғ.к., доцент

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Қостанай қ. Қазақстан

#### Аннотация

Бұл мақалада мұғалімдердің кәсіби дамуы білім беру саласындағы кәсіби құзіреттіліктерді жүйелі түрде нығайту, жетілдіру және кеңейту, жеке қасиеттерді дамыту және жаңа кәсіби білім мен дағдыларды игеру қажеттілігі, сондай-ақ өзінің бүкіл еңбек қызметінде белгілі бір міндеттерді орындау мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

**Түйін сөздер:** педагогтердің кәсіби дамуы, психологиялық ерекшеліктер, кәсіби дағды, кәсіби құзіреттілік, жеке тұлға, білім ортасы.

#### Аннотация

В данной статье профессиональное развитие педагогов рассматривается как процесс планомерного укрепления, совершенствования и расширения профессиональных компетенций в сфере образования, развития личностных качеств и потребности в приобретении новых профессиональных знаний и навыков, а также способность выполнять определенные задачи на протяжении всей своей трудовой деятельности.

**Ключевые слова:** профессиональное развитие педагогов, психологические особенности, профессиональные качества, профессиональная компетентность, личность, образовательная среда.

## Abstract

In this article, the professional development of teachers is considered as a process of systematic strengthening, improvement and expansion of professional competencies in the field of education, the development of personal qualities and the need to acquire new professional knowledge and skills, as well as the ability to perform certain tasks throughout their work.

**Keywords:** professional development of teachers, psychological characteristics, professional qualities, professional competence, personality, educational environment.

Қазақстан Республикасы білім беру заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтары, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау – білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби мамандарды дайындау мәселесін шешудің де жаңа жолдары қарастырылуда. Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан – жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өзбетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады.

Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегі өмірге дайындаушы.

Кәсіби мұғалім – құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, Педагог мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды, кәсіби дамуды көздейді.

Кәсіби даму – (лат. profiteor – өз ісімді хабарлаймын) – еңбек әлемінде, соның ішінде жекеленген кәсіби ролдердің, кәсіби мотивацияның, кәсіби білімдер мен дағдылардың әртүрлі аспектілерін игеруге бағытталған адамның онтегенезде болып жатқан әлеуметтену үрдісі. Кәсіби дамудың негізгі қозғаушы күші әлеуметтік топтар мен институттарға идентификациялану негізінде әлеуметтік контекстке интеграциялануға тұлғаның талпынысы болып табылады.

Кәсіби даму – нәтижесінде адамның өзінің барлық өмірінің барысында өз кәсіби дағдылары мен іскерліктерінің деңгейін және сапасын сақтауға мүмкіндік алатын үрдіс. Бір рет қана кәсіби маман болу мүмкін емес. Кәсіби маман болып қалу үшін, тұлғаның үнемі кәсіби дамуы қажет. Кәсіби даму іс – әрекеттің барлық саласына қатысты: педагог, менеджер, кеңес беруші, психолог, дәрігер, дизайнер, әртіс және тағы басқа. Кәсіби даму – бұл жүйелі беку, білім саласында жетілу және кеңею, тұлғалық сапалардың дамуы, жаңа кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгерудегі қажеттілік, өзінің барлық еңбек жолында белгілі міндеттерді атқара білу. Кәсіби даму міндеттілік немесе жалған емес, ойлаудың, пайдалы әдеттің негізі болуы керек. Қоғамдық қызығушылықтардың көзқарасы бойынша, адамның кәсіби дамуы тек кәсіби әдеп кодексінің бір пункті: өзімен жұмыстанбайтын адам, кәсіби маман деп танылмайды деп те қарауға болады. Кәсіби даму адамнан саналы, бағытталған, белсенді оқуды талап етеді. Мұндай оқу басқа формалардан анық ерекшеленеді. Әрбір адам өзінің қандай бағытта дамуы керек, ақпараттарды қандай әдістермен алатынын, қандай жолмен меңгеретінін өзі шешеді.

Адамның кәсіби дамуының деңгейлік жоспары мынадай бағытта болғаны жөн: [1, 716]

Кәсіби дағдылар – өз дағдыларыңызды 5 баллдық жүйеде бағалаңыз. Бұл сізге қандай дағдыларыңызды жетілдіруіңізді анықтауға көмектеседі.

Құндылықтар – Сіздің құндылығыңыз топтың өзекті деп санайтын құндылықтарымен қаншалықты сәйкес екендігін тексеріңіз. Бұл өз құндылықтарыңызды қайтадан қарауға көмектеседі.

Оқу – өзіңізге жаңа мәліметтерді меңгеруге қолайлы стратегияны таңдаңыз.

Қазіргі уақытта білім беру саласында өзгерістер көп, сол өзгерістерге лайық педагог болу үшін қойылатын талаптар да күрделене түсуде. Бұл адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту қажет дегенге әкеледі. Оған білім беруді гуманизациялау сай келеді.

Білім берудегі гуманизация да тұлғаның ақыл – ой, эмоциональдық, еріктік және адамгершілік әлеуетін байыту, өзін – өзі көрсету, өзін – өзі дамыту шекарасын кеңейту және өзіндік қалыптасу үшін ақиқат жағдайлар туғызуды талап етеді. Мұны білім берудің гуманистік мақсаты деп санаған философ Э.В.Ильенков еді. Аталған гуманистік мақсат әр адамның жеке дамуының адамдық мәдениетінің шегін, танылған және танылмаған, жасалған және жасалмаған аймағын анықтауға мүмкіндік береді. Адамды мәдениеттің жаңа деңгейін меңгеруге көшіру, оның әлемге, басқа адамдарға және өзіне деген

қатынасын өзгерту, өз іс – әрекеттері және оның әкелер жағдайына деген жауапкершілігін арттыру – білім беруді гуманизациялаудың басты нәтижесі [2, 236]

Ал білім берудің дәстүрлі жағдайында педагог тек педагогикалық әрекетті қатаң жүзеге асырушы ретінде болады. Осыдан келіп педагогтың кәсіби дайындығының да мақсаты өзгереді. Ол кәсіби білім, іскерлік, дақдылардан басқа (кәсіби құзыреттілік) педагогтың жалпымәдени дамуын, тұлғалық ұстанымдардың қалыптасуын (педагогтың педагогикалық іс - әрекетке мотивациялық – бағалы қатынасын) қамтиды. Бұл бірлік - қасиеттердің жиынтығы емес, сапалы жаңа білім ретінде көрінеді. Ол педагогтың тұлғасының даму деңгейін сипаттайды. Психологтар кәсіпке «ену» дегеніміз – бұл «супер-роль», «өсу», адамның өмірінің бейнесі мен стилін анықтау дейді. Адамның жалпы қанағаттануы көп жағдайда онда іргелі қажеттіліктерінің қаншалықты болуына байланысты: шығармашылық өзін – өзі жетілдіру қажеттілігі, қоршаған ортадағы референтті тұлғалардың жекелік құндылықтарын түсінуі мен мойындауы, өзін – өзі дамыту және даму қажеттілігі және тағы басқа. Әр адам тек өз жұмысын орындауы және «тек өмір сүруі» мүмкін емес, ол өз жұмысы немесе кәсібі, өзі немесе өз әрекеттері кәсібінде белгілі орын алатындай мақсат қоюы тиіс. Осындай жағдайда ғана тұлғалық және кәсіби қасиеттері мен кәсіби арасында қайшылықтар болмайды, болашақта кәсіби іс – әрекетінде құнды қатынастарды күтуге болады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғалық даму мен тұлғаның кәсіби өсуінде бірлік байқалады.

Тұлғалық даму мен тұлғаның кәсіби өсуі кәсіпте өсу үрдісінде (мамандық таңдау, кәсіби білім алу, педагогикалық әрекетті жүзеге асыру) қайшылықтарды мақсатқа бағытталған шешу жүзеге асқанда ғана шектеулі бірлік болады. Кәсіби дамуда педагогтың кәсіби өзіндік даму мен өзіндік білім алу психологиясы ерекше. Әр педагог өзін іштей үнемі оқуға, ізденуге итермелеп, дайындап отыру керек. К.Д. Ушинский айтқандай, «мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады». Өмірдің өзі педагогтың алдындағы күн тәртібіне педагогикалық білім берудің үздіксіздігі мәселесін қойып отыр. Кәсіби өзіндік дамуда, басқа да әрекет сияқты, мотивтердің күрделі жүйесі мен белсенділіктің қайнар көздерінің өзіндік негізі бар. Педагогтың өзін - өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші мен қайнар көзі – өзін - өзі жетілдіру қажеттілігі болып табылады. Өзіндік дамуда өзін - өзі бағалау деңгейі үлкен мәнге ие.

Психологтар дұрыс өзін - өзі бағалаудың қалыптасуының екі әдісін бөліп көрсеткен: біріншісі – өзінің жеткен жетістіктерінің деңгейімен мақтану, ал екіншісі – өз жетістіктерін қоршаған ортадағылардың көзқарастарымен салыстыру. Кәсіби өзіндік бағалауда педагог әрекеті, кім алдына жоғары міндеттер қойса, онда қиындықтар болатынын көрсетті. Қиындықтармен күресу педагогикалық – психологиялық жағдайды реттеп, түзетіп, дамуға әкеледі. Бұл әрине шығармашыл педагогтарда кездесетін жағдай. Егер педагог өз алдына жоғары міндеттер қоймай жеткен жетістіктерімен шектеліп қана қойса, олардың кәсіби дамуы төмендей берері сөзсіз. Сондықтан да педагогикалық кәсіпті таңдаған әрбір адам өз санасында педагог бейнесін қалыптастыра алуы қажет.

Егер өзіндік дамуды мақсатқа бағытталған әрекет деп қарасақ, онда оның негізгі міндетті бөлігі – өзіндік талдау болуы шарт. Педагогикалық әрекет танымдық психикалық үрдістерді дамытуға ерекше талаптар қояды: ойлау, қиял, ес. Әр педагог өз психикалық үрдістернің дамуын талдап, реттеп отырса, өзіндік дамуын байқай алады. Кәсіби өзіндік дамудың құрамдас бөлігі – педагогтың өзіндік білім алу жұмысы. Кәсіби өзіндік білім алудың тиімді жолы – педагогикалық ұжымның шығармашылық ізденіс жұмысына қатысу, білім беру мекемесін дамытуда жаңашыл жобалар, авторлық курстар мен педагогикалық технологияларды жасақтау. [3, 676]

Өзіндік дамудың екі педагогикалық нәтижесі бар. Бірінші жағынан – тұлғалық даму мен кәсіби өсуде болатын өзгерістер, екінші жағынан – өзіндік дамумен айналысуға қабілеттілікті игеру. Аталған нәтижелердің жүзеге асқандығын төмендегі әрекеттерден көруге болады:

- Мақсат қоя білу; өз алдына кәсіби мәнді мақсат пен өзіндік даму міндеттерін қою;
- Жоспарлау: өзіндік даму құралдары мен әдістерін, әрекеттері мен тәсілдерін таңдау;
- Өзіндік бақылау: өзіндік дамудағы қадамдар мен нәтижелерді салыстыру;
- Түзету: өзімен жүргізілген жұмыс нәтижелеріне қажетті түзетулер енгізу.

Мұндай әрекеттерді меңгеру және жүзеге асыру белгілі іскерліктер мен уақытты талап етеді. Сондықтан зерттеушілер кәсіби өзіндік дамудың сатыларын бөліп көрсеткен:

Бастапқы сатысында кәсіби өзін – өзі тәрбиелеуді меңгерудің мақсаты мен міндеттері нақты емес, мазмұны толықтыруды қажетсінеді. Құралдары мен әдістері толық анықталмаған.

Екінші сатысында мақсаты нақтылана бастаған. Алға қойылған мақсат пен міндеттер белгілі тұлғалық қасиеттерді керек етеді. Өзіндік талдау жүзеге асады.

Үшінші сатысында педагог мақсат пен міндеттерді өзбетімен және негізделген түрде қояды. Сондықтан өзіндік даму мазмұны жекеленген сапалардан маңызды және жалпы кәсіби мәні бар тұлғаның қасиеттерін қажетсінеді. Жұмысты жоспарлау, құралдарды таңдау, өзіндік әрекет жасау жүзеге асады. Өзіндік дамудың барлық негізгі әрекеттері – мақсатқоюшылық, жоспарлау, өзіндік бақылау, түзету күштеусіз, автоматты түрде жүзеге асады.

Кәсіби өсу – технологиялық әрекеттің үнемі жүзеге асуы, бағытталудың, құзыреттілік және кәсіби қажетті сапалардың баушылығы, еңбектік қалыптасудың тиімділігін арттыру. [4, 826]



Болашақ маман – мұғалімдерді дайындау соңғы уақытта педагог тұлғасының кәсіби қалыптасуына әсер ететін тиімді факторларды іздеуге бағытталған өзгерістерді талап етуде. Жоғары педагогикалық оқу орнын бітірген түлек жоғары білім ала отырып, үнемі білім беру мекемесі қоятын міндеттерді орындай алмай жатады. Осыдан кедергілер туындайды да, педагогикалық кәсіби өшу орын алып кетуі әбден мүмкін. Сол себепті жас маманға ұжым тарапынан психологиялық қолдау көрсетіліп, әдістемелік жұмыстарға тарту кеңінен жүзеге асқаны жөн. Қазіргі мектепке, соның ішінде зияткерлік мектепке оқыту мен білім берудің міндеттерін сәтті шеше алатын, оқушы тұлғасын дамытуда қажетті нәтижеге жете алатын мұғалім керек. Әр кәсіби маман жоғары өзін – өзі жетілдіруге, өзінің тұлғалық және кәсіби даму болашағын саналы сезінуге, кәсіби оқу мен педагогикалық шығармашылыққа дайын, білім берудің гуманизациялау қағидасын жүзеге асыратын, толеранттылық танытатын, психологиялық сауатты және құзыретті болуы тиіс. [5, 95б]

Педагогтың кәсіби дамуының психологиялық теориясының басты идеясы мынадай негізгі жағдайларда қалыптасады: егер оқу – танымдық үрдіс орын алса, онда оның даму үрдісі де орын алады. Сондықтан білім мен түрткілер тұлғаның кәсіби дамуының негізі болады. Әр тұлға өзінің білімін жетілдіріп, түрлі түрткілерден қуаттанып, әрекетке көшетіні анық дүние. Кәсіби тұрғыдан үнемі дамып отырған педагог психологиясы айқын сезіліп, жұмыстануға, өзгені де дамытуға оң ықпалын тигізеді сөзсіз. Психологиялық қызмет мамандары білім беру мекемелерінде оқуды жеңіл және тиімді етіп, жағымды эмоция қалдыруда үлесін тигізеді: өзін – өзі реттеу тәсілдерін үйретеді, хабарлама жасауға, реферат жазуға, конференцияларға қатысуға сөйлеу дағдыларын жетілдіруге тренингтер өткізеді, маңызсыздандудың, үрейдің, стресстің алдын алу шараларын ұйымдастырады. Психологиялық дайындықтан өткен адам өзін еркін және сенімді ұстап, ерекше ықыласпен, таппыныспен жұмыстанады. [6, 22б]

Қоғамдағы түрлі құбылыстардың адам психикасына әсері олардың психикалық жай-күйін, дамуын, қалыптасуын, қоғамдағы орнын анықтауды және бағыттауды қажет етеді. Бұл тұрғыда, адам қоғамына қызмет етуші болашақ педагог-психолог мамандарды кәсіби даярлау мәселесіне ерекше назар аударылады. Болашақ педагог-психологтар тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған педагогикалық, психологиялық үдерісті ұйымдастыру, стандартталған нұсқауларды пайдаланып, педагогикалық-психологиялық диагностика жүргізу, алғашқы нәтижелерді өңдеу, ауытқушылық түрін анықтау үшін арнайы диагностика жүргізу, арнайы әдістемелерді пайдаланып әртүрлі жастағы балаларға психологиялық тексеру жүргізу, алғашқы нәтижелерді өңдеу және психологиялық қорытынды жасай білу, білім беру ұйымдарында психологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу сияқты қызмет түрлерін ұйымдастыра білетін маман ретінде дайындалады.

Адамдардың психологиялық қасиеттерін бағалау жүйесінің тарихы мен оларды қолдану сонау ерте заманнан басталған. Оның дәлелі ретінде біздің заманымызға дейінгі 111 мыңжылдықта көне Вавилонда мектеп түлектеріне зерттеу жүргізілген деген мәліметтер бар. Көне Египетте абыз мәдениетіне қатаң тестілеуден өткен адамдар ғана үйретілген. Пифагор өз мектебінде түрлі тапсырмаларды дұрыс орындаған адамдарды таңдап алған. Ерте Қытайда б.з. дейінгі 2 мың жыл бұрын үкімет аппаратына шенеуніктер сайлауда олардың ерекше мотивациялық, эмоциялық ерік тұрақтылығын, физикалық қабілеттілігін, ар-намысы мен мәдениеттілік сияқты қасиеттерін арнайы зерттеу қалыптасқан. Орта ғасырда Вьетнамда азаматтық және әскер шенеуніктерін сайлау барысында олардың жеке қасиеттеріне баса көңіл аударылған. Қиыр шығыс елдерінің медициналық білім беру жүйесінде де психодиагностикалық әдістер қолданылған, яғни адамның ойлау қабілетінің психологиялық ерекшелігі мен оның белгілі бір физиологиялық, әлеуметтік, биологиялық ауысу өзгерістері психологиялық тұрғыда зерттелген. Психологиялық ілімдер ерте заманнан бастау алады.

Ежелгі дүние елдерінде жан туралы ілім Үндістан, Қытай, Мысыр, Вавилон, Грек елдерінде тіршілік пен өмір, жан мен тән, оқыту мен тәрбие және т.б. негізгі мәселелер ретінде күн тәртібіне қойылып келген. Жан мәселесіне қазақ халқы да ерекше мән берген. Мәселен, жанға байланысты ой-пікірлер, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, эпостар мен жырлардың халық психологиясы үшін маңызы зор болған. Олардың мазмұнынан халқымыз жанның заттық қасиеті жоқ болғандықтан, оны танып білу шектеулі екендігін де жақсы аңғарған. Қазіргі психология ғылымында жанды көбіне психика ұғымының баламасы ретінде қарастырады.

Сол дәуірде Френсис Гальтон Англияда биологиялық тестілеудің негізін қалаушылардың бірі болды. Сонымен қатар, ежелгі Грек философтары психиканы түсіндіру амалын отпен немесе бұмен салыстырудан іздеді. Мысалы, Гераклиттің түсіндіруі бойынша барлық әлем оттан пайда болады, «жан» ылғалдан буланып шығады, мұнда жанның құрғақ буы оның даналылығын қамтамасыз етеді. Ал ылғалдылық жанды ауырлатып, оның мерт болуы сұйыққа айналдырады деп есептеді. Ал француз ғалымы Рене Декарт, (1596 – 1650) жануар сыртқы ортаның әсеріне рефлекс (жүйке жүйесінің қызметі) арқылы енеді десе, ал Бендикт Спиноза (1632 – 1667) адамның еркі мен эмоциясы 12 (аффект, құмарлық және т.б.) дене қызметімен тығыз байланыста болатындығы жайлы терең түйін айтқан. Шығыс әлемінде жан туралы ғылыми пікірлерді ұлы ғұламалар Әбу Нәсір әл-Фараби (870 – 950) мен Әбу Әли ибн Сина (980 – 1037).

Ж. Баласағұн, әл-Ғазали, Ибн Рашид, Ита Баджа, т.б. қостаған. Бүгінгі таңда тұлғаны психодиагностикалау әлеуметтік объектілерді басқарудың негізін құрайды, өйткені адамдардың қасиеттерін

анықтау арқылы ұжымдағы психологиялық климатты анықтау жеке адамның ішкі мотивациясының жоғары жетістіктерге және бәсекелестікке ұмтылуымен анықталады. Өйткені қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға жоғары талап қояды. Ал қоғамдық дамудың қазіргі жағдайында, елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңарту кезінде – жас ұрпақтың болашақта ізгі ниетті азамат ретінде дамуына, олардың тұлғалық қалыптасу жағдайына өзіндік ықпалын тигізеді. Психология ғылымында тұлға теориясына байланысты 300 аса анықтамалық тоқталуға болады. Тұлға анықтамасы қаншама ауқымды болса, оның құрылымы туралы көзқарастар да соншалықты кең екеніне көз жеткіземіз. Л. С.Выготский алғаш рет психикалық қызметті жоғары мәдени және төменгі табиғи деп бөлінуін ұсынды. Выготский құрылымының негізінде, тұлғаның өзегі – оның бағыттылығы деп аталады. Л.С.Выготский пікірі бойынша адамның тұлғалық ерекшелігі қарым-қатынастың кешенді нәтижесінде дамиды.

Тұлға – бұл қоғамдық-тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны оның орындайтын іс-әрекеті оның қалыптасуын анықтайтын жағдайларды көрсетеді. Белгілі ғалым Қ. Жарықбаев өз еңбегінде қазақ жерінде бұл ғылым саласының дамуы жөнінде төмендегідей баға береді: «Міне, осындай мәселелерде дұрыс, толық шешілген қазақ психологиясы түбінде әлемдік деңгейге көтеріліп, ұлтымыздың мерейін өсірсе, ал екінші жағынан, әрбір адамға, қоғамға, мемлекетке алға қойылған ұлы мақсатқа тез жетуіне зор ықпалын тигізеді» дейді. Бұл мәселелерді шешу үшін ғылымның қай саласы болмасын өзінің өткен тарихын саралап, салмақтап, таразыға салуы керек. Өткен кезеңдерде жіберілген кемшіліктерді ескере отырып, ғылым жаңалықтарын есепке ала туындаған сұрақтардың шешімін тапса, оның қорытындысында үлкен маңыз болатынын ғалым атап көрсетеді.

Бұл жерде Ж. Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты еңбегінде ғылыми психологияда кең тараған анкета, байқау әдістері арқылы сол кездегі қоғамдық өмірдің ақиқатын ашуға мүмкіншілік беретін ұлт, әлеумет ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мамандық таңдау жолындағы талпыныстарын анықтай түскендігін көрсеткен зерттеулерін психодиагностика саласындағы жетістік ретінде атап көрсетуге болады. Зерттеудің негізгі мақсаты – жаңа дүниенің есігін айқара ашқан жастарға мамандықты дұрыс таңдай білуге жәрдемдесу.

Мамандық таңдауда адамның жеке қасиеттері мен кейбір туғаннан берілетін ерекшеліктерді (темперамент, нышан және т.б.) ескеру қажеттігін, бұл жерде кісі өзін-өзі басқарып, жеке басын жетілдіруге, кісілікке ұмтылуға ерекше мән берудің маңыздылығын жалықпай қайталап айтып отыр. Адам өз бойында қандай талант, зеректік, қабілет, бір сөзбен айтқанда, қандай қасиет бар екендігін білуі шарт, яғни, өзін-өзі тануы қажет. Өзін-өзі танымаған өзгені тануға шорқақ болады дейді автор. Ж. Аймауытов зерттеулерінің ғылымилығын арттыра түсіретін нәрсе еуропалық психолог ғалымдар жүргізген зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөліп, солармен салыстыра, сабақтастыра баяндауы. Сонымен бірге, отандық ғылыми психологиялық терминдердің алғаш жүйеге келуі Ж.Аймауытов есімімен тығыз байланысты. Қай кезеңде де термин сөздерге салмақ жүктелген, өйткені жекелеген ғылымның өзіндік ерекшелігі, сыр-сипаты болады. Ал Ж.Аймауытов еңбектерінің негізгі мәні ұлттық үлгі термин жасау қағидасы болды.

Мәселен, оның туындыларында кездесетін ерік – воля, елігу – влечение, еліктеу – подражание, ілілік – ассоциация, рух-дух 27 және т.б. көптеген психологиялық ұғымдар күні бүгінге дейін төл оқулықтарымызда ешбір өзгеріссіз ұлттық терминология қорында орын алып келеді. Ж.Аймауытовтың «Психология» кітабында сурет, кесте, нұсқа және т.б. иллюстрацияларға ерекше мән берілген. Оқулықта классикалық ғылыми психологиядан түпкілікті орын тепкен, күні бүгінге дейін қолданыста мәнін жоймаған түрлі – прибор, аспап – құралдардың (спимограф – тамырдың өте нәзік айырмасын табу және қызметі түтікпен қозғалатын аспап; гемограф, кардиограф – жүректің қозғалысын анықтайтын құрал; пинеймограф – қанның көлемі мен қан сауыттарының өзгеруін білдіретін аспап және т.б.), сондай-ақ көптеген нұсқа, кестелердің суреттері жүйке жүйесінің бөліктері, ми жарты шарларының құрылысы, есту, сипай – сезу мүшелері – көз, құлақ, тері, жүйке талшықтары және т.б. орын тепкен. Осы иллюстрациялардың қазіргі психология оқулықтарының деңгейінде табылатындығын айрықша атап өтуге болады. [7, 186б]

Осы тұрғыдан алып қарағанда еліміздегі Назарбаев зияткерлік мектептерінің жұмысында айтарлықтай оңды істер жүзеге асырылуда. Әрбір маманды танымал оқу орындарына біліктілігін арттыру курстарына, семинарларға, конференцияларға, жобалық жұмыстарға жіберіп, кәсіби жағынан шыңдалуға әсер етуде. Сыни тұрғыдан ойлап, жаңа тенологияларда жұмыстана алатын, құзыретті, артына ере білген баланы да жан – жақты дамытуға бағытталған біздің педагогтар нәтижелі жұмыстануда. «Сенің қолыңнан келеді», «Біз саған сенеміз», «Саған үміт артамыз» деген түрткі сөздердің өзі – ақ психологиялық ахуал қалыптастырудың бастамасы. Өз мектебімізде ұйымдастырылып отырған шетелдік әріптестер семинары, үштілділік саясаты, әлеуметтік жобаларға қатысуды бастама еткен келелі істер нәтижесін беруде. Ал енді біздің мамандар өзін «кәсіби тұрғыдан дайынмын ба?» деп психологиялық тұрғыдан сараға салуы әркімнің өз еншісінде болмақ. [8, 68б]

Қорыта келгенде, заманауи педагогтердің кәсіби қанағаттануының психологиялық ерекшеліктері ең бірінші педагогтың білімділігінде, шеберлігінде, кәсіби дамуында болып отыр. Кәсіби дами отырып педагогтердің кәсіби дамуына байланысты психологиялық ерекшеліктері де қалыптасады.

Педагогтің ұстамдылығы, табандылығы, шеберлігі биік жетістіктерге жетелейді. Қазір педагогтер кәсіби даму жағынан өз білімдерін жетілдіруде біліктілікті көтеру курстарында оқып білімдерін жетілдіреді. Өз білім жетістігіне сай педагог-шебер, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-модератор сатыларына бөлінеді және соған байланысты қаржыландырылады. Өр педагог 5 жыл сайын өз біліктілігін шыңдау үшін тест тапсырады.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. - М., 2006.-71 б.
- 2 Кан-Калик В.А.. Педагогическое творчество. - М., 2000.- 23 б.
- 3 Мищенко А.И. Введение в педагогическую профессию. - Новосибирск, 2007- 67 б.
- 4 Основы педагогического мастерства / Под ред. И.А.Зязюна. - М., 2006.- 82 б.
- 5 Профессиональная культура учителя / Под ред. В.А.Сластенина. - М., 2003.- .95 б.
- 6 . Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік / оқулық.- Алматы, 2011.- 22 б.
- 7 Аймауытұлы Ж. Тәрбиеге жетекші [Мәтін] : бала оқытушыларға / - Орынбор : Қазақстан мемлекет баспасы, 1924 . - 186 б.
- 8 Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. Алматы, 2016.-68 б.

УДК 37;159.9

### ВОЗРАСТНЫЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА

**Петренко Александра Александровна,**  
магистрант 2 курса ОППедагогика и психология  
Костанайский региональный университет  
им.А.Байтурсынова, г. Костанай, Казахстан

#### Аннотация

Мақалада жасөспірімдік жастағы балалардың жасы мен психологиялық ерекшеліктері туралы сұрақтар ашылады. Жас және шартты педагогикалық дағдарыстар шеңберіндегі даму ерекшеліктері көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** жас жеткіншек, дағдарыс жасы, даму ерекшеліктері, ісіктері, баланың жеке басы.

#### Аннотация

В статье раскрываются вопросы об возрастных и психологических особенностях детей младшего подросткового возраста. Уточняются особенности развития в рамках возрастного и условно-педагогического кризисов.

**Ключевые слова:** младший подростковый возраст, кризисный возраст, особенности развития, новообразования, личность ребенка.

#### Abstract

The article reveals questions about the age and psychological characteristics of children of younger adolescence. The features of development within the framework of age and conditionally pedagogical crises are specified.

**Keywords:** younger adolescence, crisis age, developmental features, neoplasms, child's personality.

Возраст 10-11 лет у детей является кризисным. Возрастные и психологические особенности младших подростков изучались многими учеными (Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, А.В.Петрановский, Э.Эриксон, Л.И.Божович, Т.В.Драгунова, К.Н.Поливанова и др.). Д.Б.Элькониним и Т.В.Драгуновой были отмечены сферы, относительно которых происходят основные изменения:

- учебная деятельность, которая теперь приобретает смысл как деятельность по саморазвитию и самосовершенствованию;
- сфера общения со сверстниками, которая приобретает особенный смысл для подростка;
- процесс взросления как новообразование ребенка, развитие Я-концепции;
- овладение этическими нормами поведения, связанного с понятием качеств «хорошего товарища», оцениваемых в отношении самого себя. Это указывает на становление нового этапа самосознания детей 10-11 лет. [1]

Поскольку особенности развития данного возрастного периода раскрыты не до конца, эта тема остается актуальной по сей день. Интерес ученых к данному возрасту заключается в том, что школьники могут быть подвержены сразу двум кризисам. К первому относится кризис переходного